

Ленин тұл

К(б)П Солтүстік-Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

73 (7033)

Сенбі 14 апрель 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Нөке саны 20 тыйын

САЯСИ-АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЕГІС КЕЗІНДЕГІ МІНДЕТТЕРІ

Социалистік егін даласында соғыс кезіндегі төртінші көктем басталды. Бүкіл ақимыз сияқты облысымыздың еңбекшілері де бұл көктемді жеңімпаз Қызыл Армия зор жеңістерге жеткен кезде рсы алып отыр. Қазір егіс далаларындағы әрбір еңбекшінің барлық ойы Қызыл Армияның Берлин үстінде жеңісін тігуіне барынша көмектесу болып тұр.

Соғыс әрбір совет азаматының алдына үлкен міндеттер қойды. Барлық міндеттің бірі — егіннің өнімділігін арттыру. Егіннің өнімділігін арттыру үшін егіншілерге саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын шұғыл етіп қарастыру керек. Олардың бірі — еңбекшілер арасындағы саяси-ағарту жұмысы. Егер біз саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жолға қойып, оқу үйлерін, клубтарды, кітапханаларды егіс басында саяси-көпшілік жұмысының орталығына айналдырған олсақ, мұның өзі шаруашылығымызға расан зор пайда келтіретіні сөзсіз.

Сондықтан да Алматы облысы Еңбекшілер ауданының барлық интеллигенция республикамыздың барлық интеллигенциясының Қазақстанның 25 жылдығы атын бүкіл халықтың социалистік жарысына өрістетуге жетекші болуға шақырды.

Өткен жылы біреуіра саяси-ағарту орындары колхозшыларды ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізуде жанамай құмыс істеу күресіне жұмыстарда бір-бірімен жарыспай істеді. Булаев ауданындағы Успен, Ленин ауданындағы Ильич, Преснов ауданындағы Архангель және Совет ауданындағы Сартмар оқу үйлерінің мәнінде саяси-ағарту және үгіт-көп

істер аз емес. Мұнымен бірге бірталай оқу үйлерінің, клубтардың, кітапханалардың саны бар да сапасы жоқ. Көп колхоздарда, совхоздар мен МТС-тарда оқу үйлері тәртіпке келтірілмей отыр. Ал кейбір оқу үйлері құрал-саймандармен жетіспейді, газет-журналдармен жабдықталмаған. Бұл сияқты өрескел жағдай Совет, Преснов, Мамлют, Булаев тағы басқа аудандарда кездеспейді дегенге кепілдеме бере алмаймыз.

КК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдарына, оқу орындарына саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын шұғыл етіп қарастыруды тапсырды. Сондықтан III пленумының талабын орындай отырып, бұрын жабылып қалған саяси-ағарту мекемелерін қайтадан ашу керек және олар өрескел қазір көктемгі дала жұмыстары кезінде дереу іске кірісетін болсын. Оқу үйлері, клубтар, кітапханалар, қызыл мұхитер мәдени түрге келтіріліп, саяси-ағарту және үгіт-көпшілік жұмыстарының нышанындағы орталығына айналдырылсын. Ол үшін саяси-ағарту мекемелері газет-журналдармен, көркем әдебиет кітаптарымен, мәдени орындарының құрал-саймандарымен толық жабдықталатын болсын.

Әрбір колхозды немесе совхозды саяси-ағарту жағынан қамту үшін ағарту қызметкерлерінен мәдени бригадалар құрып, оған ауыл-село интеллигенциясын, оқытушылар мен жоғарғы класс оқушыларын толық тарту керек. Мәдениет бригадаларының қатарында баяндамашылар, әншілер, сол сияқты шығарма оқушылар тағы басқа көркем өнер дарындары болу керек.

Қазір колхоздар мен совхоздарда көктемгі дала жұмыстары қыза түсті. Оқу үйлерінің, клубтардың, кітапханалар мен қызыл мүйіс үйі басшыларының міндеті

Машина-трактор станцияларының 1945 жылы егіннен мол өнім алуды көздеген Бүкіл одақтық социалистік жарысын ұйымдастырайық КӨКТЕМГІ ЕГІСТІ ҮЛГІЛІ ӨТКІЗЕЙІК!

Полтава облысындағы Лохвицкий МТС тракторшыларының, комбайншыларының, агрономдары мен механиктерінің Советтер Одағындағы машина-трактор станцияларының барлық қызметкерлеріне
ҮНДЕУІ

Ұлы отанымыз қуанышты күндерді бастап өткізуде. Қаһарман Қызыл Армия туған жерімізді неміс қарақшылар мен тонаушылардан тазартып, бұл сұрқияларды олардың өз үңгірінде бір жолат талқандауда. Бүкіл халқымызбен бірге біз, Лохвицкий МТСның қызметкерлері, сүйікті Отанымыздың бостандығы, тәуелсіздігі мен намысы үшін күресуші Қызыл Армияға бар күшімізбен көмектесудеміз.

1944 жыл біздің машина-трактор станциямыздың неміс басқыншылардан азат етілгеннен кейін алғашқы жұмыс істеген жыл болды. Бұл жыл бізге қиын соқты. Бір кезде не кереметі бәрі бар, жақсылап салынған біздің үлкен МТСымызды немістер талқандап өртеп кетті. Немістер колхоздарымызды да тонап, өнім беретін малдары мен аттарын, машиналары мен астығын алып кетті, ауыспалы егіс тәртібін бұзды, егістік жерлерін пайдадан қалдырды.

1944 ауыл шаруашылық жылына біз осындай жағдайда кірістік. Колхоздардағы егіс жұмыстарының негізгі салмағын МТС көтерді. Осындай көп қиыншылықтар бола тұрса да, біз өз міндетімізді ойдағыдай орындадық. Егіс көлемін бір жылдың ішінде-ақ соғысқа дейінгі мөлшерге жеткіздік. Трактор жұмыстарының жылдық жоспарын біздің МТС 156,4 процент орындады.

Тракторшы Денис Симен «Универсал-2» тракторымен бір жылдың ішінде 1482 гектар жердің жұмысын атқарды. Иван Гальконың бригадасында әрбір трактор орта есеппен 1,030 гектар жердің жұмысын орындады. Тракторшылар Познав Ткач, Перетятко және басқалары өздерінің серіктерімен бірге трактор басына 1,800—1,900 гектар жердің жұмысын істеді. Трактормен алғаш рет жұмыс істей бастаған жас тракторшылар—Настя Ухонь, Татьяна Адамова, Паша Овсяник жылдық тапсырманы 2—3 есе асырып орындады. Біздегі бригадалардың бәрі де өздерінің жылдық тапсырмаларын

ауыл шаруашылық өнімін тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 234 мың пұт астық тапсырды. Өткен жылы Лохвицкий МТС Бүкіл одақтық социалистік жарыста екі рет озып шықты. СССР Жер Халық Комиссариатының ауыспалы Қызыл Туын өткен жылғы көктемнен бері бүгінгі күнге дейін берік ұстап келеміз.

Бірнеше күннен кейін Полтава облысының және бүкіл советтік Украинаның құнарлы егін даласында көктемгі егіс жұмыстары басталды. Совет үкметі мен КК(б)П Орталық Комитеті 1945 жылы егіннен неғұрлым мол өнім астықтың және басқа ауыл шаруашылық өнімінің жалпы түсімін көбейтуді ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері алдына негізгі міндет етіп қойды. Бұл міндетті орындауда МТС-та күрделі жұмыс атқару керек. Машина-тракторларды неғұрлым жақсы, өнімді етіп пайдалану, трактор жұмыстарының сапасын арттыру, колхоздар алдындағы міндеттемелерімізді агротехникалық жақсы мерзімдерде орындау—біздің бйылғы негізгі міндетіміз.

Жұмыстың табысты болуы ең алдымен көктемгі егіске даярлығымызға байланысты. Біздің МТС-тың коллективі бұл жауапты жұмысқа мезгілінде кірісіп, қыс бойына аяпбай жұмыс істеді. Тракторларды 22 январьда жөндеп болдық. Мемлекеттік аудандық комиссия машиналардың бәрін қабылдады. Бұл машиналар қазірдің өзінде колхоздарға жіберілді. Тіркеу саймандарының бәрі толық жөндеді. Өз тракторларымызды жөндеп болғаннан кейін біз іргелес Сарскі МТС-на социалистік көмек көрсетіп отырмыз. Біз оған жұмысшыларымызды жібердік, оның кейбірі заказдарын орындап бердік, оның үстіне мастерскойымыз көмектесіп отыр. Егіс жұмыстары алдынан бригадаларға машиналарды майлайтын, май құятын ыдыс саймандар, трактордың запас бөлшектерін

тыңайтқыш дайындап, оны егістік жерге апарып төкті.

Біз Советтер Одағы МТС-тарының барлық тракторшыларын, комбайншыларын, агрономдарын, механиктері мен инженерлерін, барлық қызметкерлерін МТС-тардың көктемгі егісті жақсы өткізуді, бйылғы ауыл шаруашылық жұмыстарының бәрін ойдағыдай орындауды көздеген Бүкіл одақтық социалистік жарысын ұйымдастыруға шақырамыз.

Біз өзіміз мынадай міндеттемелер аламыз:

1. Көктемгі маусымда орта есеппен 15 аттың күшіндей әрбір трактор жұмсақ жер жырту есебімен кемінде 280 гектар жердің, жыл бойына кемінде 700 гектар жердің (астық бастыру жұмысын қоспағанда) жұмысын атқарады, трактор жұмыстарының сапасы жақсы болады: жанармайды 10 процент үнемдейміз; трактор жұмысының мемлекет жоспары бойынша белгіленген түсер бағасын гектарына 15 процент кемітеміз.

2. Ерте егілетін дәнді егістерді 6 жұмыс күні ішінде және агротехникалық жақсы мерзімдерде егін боламыз. Егіс жұмыстарының сапасын қатты бақылап отырамыз, егін салатын жерді даярлау, тұқым себу, егісті күту жұмыстарының агротехникалық ережелерін бұйжытпай қолданамыз. Жердің ыңғалын сақтау үшін, алғашқы екі күннің ішінде зябь жыртылған жерді және отамалы егін салынатын учаскелерді тырмалаймыз. Күздік егіс өгілген жердің бәрін тырмалаймыз; күзгі егістің нашар жерлерін жергілікті тыңайтқыштармен қоректендіреміз.

3. Қант қызылшасын 6 жұмыс күні ішінде тереңдете зябь жыртылған және жақсы бапталған жерге агротехникалық қолайлы мерзімдерде егеміз, агротехника ережелерінің бәрін бұйжытпай қолданамыз; қант қызылшасы егісінің өсу кезінде ұқынтылықпен күтілуін қамтамасыз етеміз, қант қызылшасы өгілген жердің

4. Күздік егіс өгілген таза пәрды 1 июньнен қалдырмай жыртып боламыз, пар жыртылған жердің кейіннен ұқынтылықпен бапталуын, (культиваторлау, тырмалау) қамтамасыз етеміз.

5. Егіннің өнімін ысырап етпей тез жыйнап аламыз. 15-футтық әрбір комбайн орта есеппен 350 гектар егін жыйнайды. Астық және басқа ауыл шаруашылық өнімін, сол сияқты МТС жұмысына төленетін заттай ақыны тапсыру жөнінде колхоздардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауын қамтамасыз етеміз, бұл жұмысқа астықты бастырудың алғашқы күндерінен кірісеміз. Қант қызылшасының кемінде 70 процентін трактормен жүретін қызылша қазғыштармен қазамыз.

6. Күздік егістерді 5 сентябрьден қалдырмай егін боламыз. Зябь жырту жоспарын толық орындаймыз. Қант қызылшасына арналған жерді терең жыртуды 20 сентябрьге дейін аяқтаймыз.

Жолдастар, тракторшылар, комбайншылар, агрономдар, механиктер—МТС-тардың барлық қызметкерлері! Көктемгі егісті жақсы өткізуді, егіннен мол өнім алуды көздеген социалистік жарысқа қосылыңдар.

Егіс жұмыстарына дейінгі күндердің ішінде көктемгі егісті ойдағыдай өткізуге даярлығымызды тағы да ұқынтылықпен тексеріп шығайық.

Ұлы Сталин немістерді біржолата жеңетін күн жақындағанын айтты. Бірақ жеңіс ешуақытта өздігінен келмейді, жеңіске қатты ұрыстарда, қажырлы еңбекпен жету керек. Қызыл Армиямыздың Берлин үстінде жеңіс туын неғұрлым тез тігуіне көмектесу үшін бұл жолға барлық күшімізді, біліміміз бен іскерлігімізді аяпбай жұмсайық!

Сүйікті Отанымыз гүлденіп, өркені өсе берсін! Даңқты Қызыл Армиямыз онан сайын нығайып, мерейі үстем бола берсін!

ағы жетістіктермен таныстырып отырды. Бригадаларда жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерінің шығарылуын жолға қойды, көркем өнер дарындыларының үйірмелерін ұйымдастырып, олардың жұртшылық тілегіне сай жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде бұл оқу үйлерінің қамтуындағы колхоздар көктемгі егісті ойдағыдай өткізу былай тұрсын, онымен бірге жоспардан тыс жүз деген гектар егіс екті.

Бірақ, көп жерлерде саяси-ағарту ұйымдарының жұмысы жолға қойылмады. Колхозшылар арасында үгіт жұмысы нашар жүргізілді. Осының салдарынан Пришм, Соколов, Конюхов және Преснов аудандарында көктемгі егістің мерзімі ұзаққа созылып, агротехникалық шаралар бұрмаланды. Мұның алғы егін өнімінің азайып, ол аудандардың мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмауына әкеп соқты.

Жасыратыны жоқ, жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары саяси-ағарту және үгіт-көшіміз жұмыстарындағы бұл нәтижесіздіктерден тисті қорытынды шығармай, оған әлі де болса баса көңіл бөлмей келеді. Облысымызда оқу үйлерін, клубтарды, кітапханаларды жауып тастап, олардың үйін басқа мақсатқа пайдалану сияқты өрескел

Облыстағы әрбір саяси-ағарту мекемесінде ауыл шаруашылығына арналған бұрыш ұйымдастырылып, онда агрономдардың, зоотехниктердің, мал дәрігерлерінің және тәжірибелі колхозшылардың тәжірибесі жұртшылық игілігіне айналдырылатын болатын. Таңдаулы колхозшылардың іс тәжірибесін ортаға салуда жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін күрделі міндеттер жүктеледі. Сондай-ақ олар жалқауларды қатты сынап, колхоз басшыларына көмектесетін болу керек.

Партиямыз бен үкметіміз саяси-ағарту жұмысына айрықша мән беріп келеді. Оны большевиктік пәрменді үгіттің айбынды құралының бірі деп таниды. Халық ағарту мекемелерін, партия және комсомол ұйымдарының, барлық саяси-ағарту мекемелерінің жауынгерлік міндеті—үкметіміз бен партиямыздың осы сенімін іс жүзінде ақтау болады. Сондықтан да олар саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартып, еңбекшілерді егіс даласында жан қиырлық еңбекке рухтандыра білетін болу керек. Бұл—ауыл-селода саяси-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту арқылы колхозшы шаруалардың республикамыздың 25 жылдығына лайықты тартулар әзірлеуіне мұрындық болады деген сөз.

ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Югославияның Министрлер Советінің Председателі Маршал И. Броз Титоның хұрметіне қонақасы берді

11 апрельде, Кремльде ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Югославияның Министрлер Советінің Председателі Маршал И. Броз Титоның хұрметіне қонақасы берді.

Қонақасыда Маршал И. Броз Тито, Югославияның Сыртқы Істер Министрі Шубашич мырза, Югославияның ССРОдағы Елшісі С. Симич мырза, Черногория Істері жөніндегі Министр генерал-лейтенант М. Джилас, Сауда-Сағаттық және Жабдықтау Министрі П. Петрович мырза, Тау Кен Өнеркәсібі Министрі В. Андреев мырза, Югославияның ССРОдағы Соғыс Миссиясының Бастығы генерал-лейтенант Р. Приморац, сол сияқты Броз Тито Мырзаға ерін келген адамдар және Югославияның ССРОдағы Елшілерінің мүшелері болды.

Советтер Одағы жағынан қонақасыда М. И. Калинин, В. М. Молотов, А. И. Микоян, Л. Н. Берия, Г. М. Маленков, Л. М. Каганович, Н. М. Шверник, Н. А. Вознесенский, Н. А. Булганин, А. Косыгин, Флот адмиралы М. Г. Кузнецов, А. И. Шахурин, Б. Л. Ванин, Е. Ф. Устинов, Д. А. Мадьшев, А. В. Зверев, А.

Я. Вышинский, Еңбекшілер Депутаттары Москва Советінің Председателі Г. М. Попов, Кәсіпшілік Одақтары Бүкіл Одақтық Орталық Советінің Председателі В. В. Кузнецов, Артиллерия Бас Маршалы Н. Н. Воронов, армия генералы А. И. Антонов, ССРОның Югославиядағы Елшісі И. В. Садчиков, авиация Маршалы Ф. Я. Фалалеев, РСФСР сыртқы Істер Халық Комиссары А. И. Лаврентьев, УССР Сыртқы Істер Халық Комиссары Д. З. Мануильский, армия генералы А. В. Хрулев, генерал-полковник Ф. И. Голиков, генерал-полковник В. М. Коробков, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының 4-Европалық Бөлімінің Меңгерушісі А. А. Лаврищев, М. Т. Нальгунов, ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының Протокол Бөлімінің Меңгерушісі Р. Ф. Молочков, генерал-лейтенант А. С. Гуноров, Советтер Одағының Югославиядағы Соғыс Миссиясының Бастығы генерал-майор А. Ф. Киселев, генерал-майор М. П. Кутузов және басқалар болды.

Қонақасы достық рухта және Советтер Одағы қайраткерлерінің югославиялық қонақтармен әңгімелесуі жағдайында өтті.

колхозшылардың, әсіресе әйелдердің, еңбек майданындағы асқан белсенділігі арқасында колхоздарымыз егіннен мол өнім алды. Ильич атындағы, Ворошиков атындағы колхоздар және басқалары бидайдың гектарынан 120—180 пұттан, жеке учаскелерде 20 пұттан өнім алды. Орджоникидзе атындағы колхоз 44 гектар егіс учаскесінде қант қызылшасының әрбір гектарынан 240 центнерден өнім алды, Бұл колхоздары Малаңжа Бривобоктың э-эвогы болып учаскесінде әрбір гектардан 400 центнер қызылша алды. Колхоздарымыз мемлекетке астық және басқа

дап 30 тракторшы даярланды.

МТС агрономдарының қатысуымен барлық колхоздарда ауыспалы егіс танаптағында әртүрлі егісті алмаулап егудің дұрыс тәртібін неғұрлым тез қалпына келтіру шаралары белгіленді. Әрбір колхозда егісті өткізудің және баптаудың агротехникалық шаралары белгіленді. Агрономдар колхозшыларға, бригадаларға, звено бастықтарына агротехниканы үйретуге де қатысты, олардың колхоздарда еңбекті дұрыс ұйымдастыруына көмектесті. Колхоздарымыздың бәрі де жеткілікті тұқым құйды, 16 мың тонна жергілікті

Совет Хабаршы бюросынан

12 АПРЕЛЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

12 апрельде Чехословакия жерінде БРАТИСЛАВНЫҢ солтүстік-шығыс және солтүстік жағында 2-УКРАИН майданының әскерлері СКАЛИЦА қаласы мен темір жол станциясын және 30дан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ТРЕН ТЕПЛА, ОПАТОВА, КОХАНОВЦЕ, ГАЛУЗИЦЕ, ГОРНЫЙ БЗИНЦЕ, ВРАОВЦЕ, РАДЕЙОВ, КАТОВ, ГОЛИЧ, КОПЧАНИ қыстақтарын ұрыспен алды. ВЕНАНЫҢ солтүстік-шығыс жағында майдан әскерлері Австрия жерінде ДРЕЗИНГ, ЕЛЕНШПАЙГЕН, ЛОЙДЕСТАЛЬ, ЭРДПРСС, ХОХЕНРУППЕРСДОРФ, АУЗРШТАЛЬ, БОКНФИС, АДЕРКЛАА, РААСДОРФ, ЗССЛИНГ, ГРОСС, ЗНЦЕРДОРФ қыстақтары мен ЗЙБЕСБУРУНН темір жол станциясын алып, ВЕНА—БРНО темір жолы мен тас жолын кесіп өтті.

ВЕНАДА 3-УКРАИН майданының әскерлері Дунай каналы мен Дунай өзенінің аралығындағы қала ауданында көше ұрыстарын жүргізіп, мұнда 60 кварталды алды. СОМБАТЕЛЬ қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында майдан әскерлері шабуыл жасай отырып, Австрия жерінде ГЮССЫНГ (НЕЙМЕТУЙВАР) қаласын және 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде МАРКЦАЛЛАУ, ОЛБЕНДОРФ, ОБЕРНЕЙБЕРГ, МИХЕЛЬ, ЧАНШЕНДОРФ, ШТЕЙНГРАВЕН, ЕЛЬТЕНДОРФ қыстақтарын алды. 11 апрельдегі ұрыстарда майдан әскерлері дұшпанның 5 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан 34 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 38 бронетранспортер, 208 дала зеңбірегін, 270 пулемет, 498 автомашина, 187 трактор мен тягач, 34 паровоз, 1535 вагон, соғыс мүлкін қойған 17 склад қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

11 апрельде барлық майдандарда немістердің 50 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбірентерімен дұшпанның 22 самолеті атып түсірілді.

ҚЫЗЫЛ ТУЛЫ БАЛТЫҚ ФЛОТЫ АВИАЦИЯСЫНЫҢ ДҰШПАННЫҢ КЕМЕЛЕРІ МЕН ТРАНСПОРТТАРЫНА СОҚҚЫ БЕРУІ.

9 және 10 апрельде Қызыл тулы Балтық Флотының авиациясы немістердің Пиллау портындағы және Пиллаудың солтүстік-батыс жағында ашық теңіздегі соғыс кемелері мен транспорттарын соққы берді. Бұл соққылардың нәтижесінде

Братиславаның солтүстік-шығыс және солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Дұшпан Виле Карпаты тауларының өңірінде инженерлік бөгеттер мен көптеген атыс бекіністерін жасап, қасарыса қарсылық көрсетуде. Тауды-орманды жерлердің қиын жағдайында қиын жасаушы совет бөлімдері батыл алға басуда. Бөлімшелеріміз немістердің ты

Мастерской бастығы Г. ЖУРАВЕЛЬ, комсомол ұйымының секретарі А. ТУГОБЕЦ, учаскелік агроном А. ГАЛАГАН, трактор бригадаларының бригадирлері: И. ГАЛЫНҚ, И. ПРАБДЮН, тракторшылары: Д. СИМОН, ПОВЗУН, А. УХАНЬ, П. ЗВСЯНИК және басқалары.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М И Калининнің Югославияның Министрлер Советінің Председателі Маршал И. Броз Титоны қабылдауы.

11 апрельде, Кремльде, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. И. Калинин Югославияның Министрлер Советінің Председателі Маршал И. Броз

Титоны қабылдады. Қабылдау кезінде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. Ф. Голкин болды.

алға басты. Сөйтіп немістерді Чехословакияның Скалица қаласынан қуып шығарды. Жаудан адамдар және олжа қолға түсірілді.

Венаның солтүстік-шығыс жағында 2-Украин майданының әскерлері ұрыспен алға басуда болды. Немістер тағы да бір танк дивизиясын және жау әскерлерінің ірі күштерін ұрысқа шығарды, сөйтіп әлде неше рет қарсы атака жасап, бөлімдерімізді өздерінің Венадағы әскер тобының тылына өткізбеге тырысуда. Әскерлеріміз дұшпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, Эйбесбрунн темір жол станциясын алды, сөйтіп Вена—Брно темір жолы мен тас жолын кесіп өтті. Сонымен, Вена ауданында қиын жасаушы неміс әскерлерінің қолында Дунайдың солтүстік жақ жағалауы бойымен батысқа қарай баратын бір темір жол қалды. Австрия астанасының солтүстік-батыс жағында, Дунайдың оңтүстік жағалауына өткен совет артиллериясы жолды үздіксіз атқылап тұр. Майдан әскерлері жаудың қарсы атакаларын тойтара отырып, немістердің 40 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін және 18 бронетранспортерін қыйратты, жойды. Немістердің 500ден аса солдатты мен офицері қолға түсірілді. Жаудан олжа, оның ішінде 4 самолет пен соғыс жүгін иеген 250 темір жол вагоны қолға түсірілді.

3-Украин майданының әскерлері Венадың көшелерінде ұрыстар жүргізуде болды. Совет бөлімдері тағы бірнеше жерден Дунай каналынан өтті, сөйтіп немістердің қарсы атакаларын тойтара отырып, барған сайын алға басуда. Әсіресе солтүстік батыс Богзал ауданында кескілескен ұрыстар болып жатыр. Шабуылшы отрядтарымыз артиллериямен бірлесе қиын жасай отырып, немістердің қарсылық көр

сету торауларын қоршауға алуда, сөйтіп оларды жоюда. Дұшпан орасап көп шығынға ұшырады. Бір күнгі ұрыстарда немістердің 4 мыңнан аса солдатты мен офицері жойылды.

Венаны азат ету ұрыстарында совет жауынгерлері жоғары әскери шеберлік батырлықпен ерекше көрсетуде. Бір көшеде неміс танкі пәсерлете оқ атып, жау әскерлеріміздің алға басуына кедергі жасады, гвардия аға сержант Бурлаков жау танкіне қарай еңбектеп кезіп, танкке қарсы жанар май құйылған шөлмен лақтырды. Танк өртенді. Сержант қашып кетуға тырысқан неміс танкішілер автоматтан атып өлтірді. Сержант Плотовтың бөлімшесі гитлершілер бекінісін үйге тіке шабуыл жасады. Жауынгерлеріміз үйге басып кіріп, бір топ немістер жойып жіберді, сөйтіп дұшпанның 9 солдатын қолға түсірді. Гвардия қызыл жер Валетов күн тәулігі ішінде немістердің 7 солдатты мен бір офицерін жер жантақты.

Қолға түсірілген неміс полковнигі І. И. Янус былай деді: «Көп айдан бері әскер бөлімдері мен жай адамдар Померания жерінде қорғану бекіністерін салып, біз бұл сияқты қуатты бекінісдердің маңында орыс әскерлері тоқтатыла деп есептедік. Алайда біздіңше болғандай, Қызыл Армия неміс командосының жоспарларын іске асырмай тастады. Померанияда совет әскерлері немістердің көптеген әскер құрамаларын жасауға алып, оларды жойып жіберді. «Меркши—Фридланд» дивизиясы 11 жылғы январьдың аяқ шенінде құрыл болатын. Жаңа дивизия аз ғана уақыт өмір сүрді. Дивизия көп ұзамай-ақ жойылды. Тірі қалған солдаттар орыс ішінде қаңғырып жүріп, қолға түсті.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық Социалистік жарыс

Жарыс туын жоғары ұстап, даңқты мерекеге татымды тартулар әзірлейік!

Дала жұмыстары соғыс қарқынымен жүргізілсін

Соколов ауданының 12 колхозы көктемгі дала жұмыстарына кірісіп, егіс алаңын шөп-сабаннан тазарту және зыбы ті тырмалау істерін күн санап қыздыратусуда. Мұнда алғашқы екі-үш күнде 825 гектар егіс алаңы арам шөптен тазартылып, 153 гектар зыбы тырмаланды. Куйбышев атындағы және «Қазақстан» колхоздары күзгі егісті тырмалап, қоректендіру ісін қолға алды. «Қазақстан» колхозында 15 гектар, ал Куйбышев атындағы колхозда 5 гектар күзгі егіс қоректендірілді.

Бірақ, ауданды жалпы алғанда көктемгі дала жұмыстарының барысы ойдағыдай дей алмаймыз. Өйткені Налобин МТС ның қамтуындағы колхоздардың бар болғаны екеуі ғана дала жұмыстарын бастады. Аудандық жер бөлімінің тапсырысы бойынша күніне 1000 гектар егіс алаңы шөп-сабаннан тазартылуға тиіс болса, алғашқы екі күнде не бәрі 70 гектар ғана егіс алаңы тазартылды. «Красный октябрь» (председателі Боев жолдас) және «Победа труда» (председателі Коноплин кий жолдас) колхоздарында көктемгі дала жұмыстарын алғашқы күндерден бастап ақ ойдағыдай ұйымдастыруға болатын әді. Бұларда тырмалауға жарайтын 15-30 гектар егіс алаңы бар. Бірақ бұлар жер тырмалауға әлі кіріскен жоқ. Колхоз басшылары «жер дымқыл» деген зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмай жүр.

Ауданда трактор паркінің алғашқы күндердегі жұмысы өте-мөте қанағаттанғыш болды. «Сталин жолы», «Совет пролетарий» және «Дозор Ильича» колхоздарына жіберілген трактор отрядтары жағар маймен жабдықталмағандықтан егістің алғашқы күндерін босқа өткізді. Ал Ленин атындағы колхозға 3 трактор жіберілсе ның біреуі ғана жұмысқа кірісті. Оның өзінде бір күнде бір ғана гектар жер қырты. Ал қалған екеуі техникалық кетісіздігінен босқа қарап тұр.

Ол олма, машина-трактор станцияларының трактор отрядтары осы күнге дейін олхоздарға жіберілмей, МТС-тардың ортасында тұр. Мәселен Налобин МТС-ында 7 отрядтың колхоздарға 6 ғана жіберіл

Татымды тарту әзірлейміз

(Мамлют ауданы Каганович атындағы колхоздың партия ұйымының секретарі Суплиласов жолдаспен әңгіме)

Мамлют ауданының Каганович атындағы колхозының бастауыш партия ұйымының секретарі Суплиласов жолдас, тілшімізбен әңгімелескенде колхоздың көктемгі дала жұмыстарына қалай әзірленгендігін, мұнда партия ұйымының қандай жұмыс жүргізгендігін баяндады.

—Партия ұйымы—деді ол,—өткен жылдың күзінде-ақ көктемгі егіске әзірлік жұмысын ұйымдастыру жөнінде арнаулы мәселе қарады. Сөйтіп, комсомол мүшелері мен коммунистерді қысқы ауыл шаруашылық жұмыстарының шешуші учаскелеріне қойып, олардың жауапкершіліктерін арттырды. Коммунист Горшенков жолдасқа ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу және тұқым әзірлеу жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз ету тапсырылды. Коммунист Тоқаев жолдасы жұмыс малдарының жөйін бақтауға бөлікті. Ал өзін колхоздағы үгітшілер тобының жұмысына күнбе-күн басшылық етіп отыруға міндетті болдым.

Мұнымен қатар, бастауыш партия ұйымы колхоз ішінде еңбек ұйымдастыру ісін жолға қою жөнінде колхоз басқармасымен пікір алысты. Мәселен, Б. Жағыпаров жолдас тұқым тазарту ісінің шын мәніндегі маманы. Сондықтан да оған тұқым тазарту ісін басқару тапсырылды. Жағыпаров жолдасының ұйымдастырушылық қабілеті нәтижесінде егіс тұқымы қысқа мерзім ішінде тазартылды. Майнұр Сюнкаева жолдас тікелей жұмыс малдарын күтуге жіберілді.

Біздің колхоз көктемгі егіске әзірлік жұмысын февраль айының аяқ шенінде аяқтады. Әрине, мұнда үгітшілер тобының да зор үлесі бар дей аламыз. Үгітшілер бригадалары барлық колхозшыларды социалистік жарысқа ұштастырып, жарыс

та алған міндеттемелердің орындалуын қатаң бақылап отырды. Мұнымен бірге, олар таңдаулы колхозшылардың іс тәжірибесін ортаға салып, оны жұртшылық игілігіне айналдырды. Сөйтіп, артта қалған колхозшыларды озаттар қатарына тенеуде бір талай жұмыстар істеді. Үгітшілер колхозшыларға жергілікті тыңайтқыштардың қандай пайда беретіндігін көктемгі егістің агротехникалық шараларын, жер өңдеу және жұмыс малдарын күту жөйін талдап түсіндірді.

Партия ұйымы бастауыш комсомол ұйымына үнемі көмектесіп келеді. Комсомол мүшелерін колхоз өндірісіне белсене қатысуға жұмылдырады. Сондықтан да комсомол мүшелері ауыл шаруашылық жұмыстарының барлық сәтласында шешуші күшке айналды.

Абдолла Тоқаев жолдас басқарған егін бригадасы кілең комсомол мүшелері мен жастардан құрылды. Бұл бригада социалистік жарыста алда келеді. Бригада ішінде Жағыпаров жолдас сияқты социалистік егін шаруашылығының таңдаулы шебері бар.

—Коммунистер мен комсомол мүшелері,—деді сөзінің аяғында Суплиласов жолдас,—колхозшылардың өндірістік жігерін арттыруда және барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын ұштасқан түрде жүргізуде тынбай жұмыс істейді. Колхоздың егін даласында бітік егін өсіріліп, мемлекет алдындағы бірінші парыздың мұлтіксіз өтелуін, 1946 жылдың егіс алаңына тұқым қорының толық құйылуын және колхозшылардың еңбек күндеріне мол астық алуын қамтамасыз етеді. Бұл—Қазақстанның 25 жылдық мерекесіне татымды тарту болады.

Темекі өсіруші звено бастықтарының облыстық мәслихаты

Петропавл қаласында темекі өсіруші звено бастықтарының облыстық мәслихаты болып өтті. Темекінің маңызы жөнінде облыстық совет атқамі председателінің

егісінің көлемі анағұрлым артқалы отыр. Мұның 10 проценті ғана қолмен егіледі. Бұл тапсырма сөзсіз орындалуға тиіс. Өйтпегенше темекіден мол өнім алуға

Малшылардың серті

Преснов ауданындағы «Тауағаш» колхозының мүшесі Сәрсенбай Шоқаев жолдасының басқаруындағы фермаларда қоғамдық мал басы жылы сайын өсіп келеді. Шоқаев жолдасының колхоз фермасын басқаруға кіріскеннен бергі 10 жыл колхоз малының алып адыммен өсу жылы болды.

Шоқаев жолдасының қарауындағы мал өсірушілер республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарыстың алғашқы күндерінде бірыңғай табыстарға жетті. Олар мал қыстату және төл алу маусымын ойдағыдай ұйымдастырды. Соңғы 2 айдың ішінде колхоздың қой фермасында 152 саулық қоздан, олардан 175 қозы алынды.

Жас төлдерді күтуде А. Ерденов, П. Жоламанова, Таутебаева, Жақыпова және Қоныспаева жолдасар жап тәпмен жұмыс істеп жүр. Бұлардың әр қайсысы 35 қозы күтеді.

Мал өсірушілердің ынталарын арттыра беру үшін, колхоз басшылары олардың еңбегін үнемі бағалай біледі. Жуырда колхоз басқармасы мал өсірушілердің еңбегіне қосымша ақыға 11 қой бөлді. Мал өсіру күресінде өте-мөте көзге түскен Ерденова жолдас ақшадай және заттай бірнеше сыйлықтар алды.

—Мал басын өсіру және оның өнімін арттыру жолында бұрын-соңғы болып көрмеген қарқынмен жұмыс істеп, республикамыздың 25 жылдығына лайықты тартулар әзірлейміз,—дейді мал өсірушілер. А. ҚАЗИЕВ.

ЗАВОД ЖАСТАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Н. Заводындағы Жолдусева жолдасының басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері аз жұмысшымен көп продукция шығарудың, шикі заттарды мол үнемдеудің тамаша үлгісін көрсетуде. Бригада өткен айда 1000 сомның шикі затын үнемдеп, продукцияның түсер бағасын 5 процент кемітті.

Осы заводтағы Любих жолдасының басқаруындағы бригада мүшелері де нәтижелі жұмыстар істеуде. Олар республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа жаппай қатысуда.

Америка Құрама Штаттарының Президенті-Франкли Рузвельттің қайтыс болуы

ВАШИНГТОН, 12 апрель. (ТАСС). Бүгін григориан уақыты бойынша 20 сағат 35 минутта Уорм-Спрингте (География штатында) Америка Құрама Штаттарының Президенті Франклин Делано Рузвельт мырға қан кетуден қайтыс болды.

ВАШИНГТОН, 12 апрель. (ТАСС). Америка Құрама Штаттары Президентінің көпесті, Ақ үй, Рузвельтті еске түсіруге арналған құдайға сыйыну семі күні түстен кейін Вашингтонда болатындығын жариялады.

Марқұм жексенбі күні түстен кейін Гайд-Парк-то жерленеді.

Ақ Үй мәлімдемесі жариялады. Мәлімдемесі АҚШ Вице-Президенті Трумэннің Үйге шақырып алынғандығы, мұнда мн Элеонора Рузвельттің оған Рузвельттің қайтыс болғандығы жайында хабарлағандығы айтылған. Сол сияқты бұл жөнін Мемлекеттік Секретарі Стеттинлюскер хабар берілді. Кабинеттің мәжілісі шақырылды.

Польшаның Сан-Францискодағы Конференцияға қатысуы туралы

Быйылғы 25 апрельде Сан-Франциско қаласында (Америка Құрама Штаттары) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтайтын халықаралық ұйым құру мәселесін қарайтын конференцияның ашылуына байланысты Польшаның Уақытша Үкметі, быйылғы 22 мартта баспа сөз бетінде хабар етілгеніндей, Советтер Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Ұлы Британия мен Қытайдың үкметтеріне мәлімдемесі жасап, Сан-Францискодағы Конференцияға Польшаны қатыстырмау әділетсіздік және поляк халқына орынсыз жөбір көрсеткендік болатынын білдірді. Бұл мәлімдемесін де Польшаның Уақытша Үкметі поляк халқы өкілдерінің—Польша Уақытша Үкметінің Конференцияға қатысып, демократияшыл Польшаның Біріккен Ұлттар қатарынан өзіне лайықты орын алуына септігін білдірді.

Беделді орындардан алынған мәлімет бойынша, Совет Үкметі Польша Уақытша Үкметінің бұл мәлімдемесінен де бұрын Америка Құрама Штаттары мен Ұлы Британия Үкметтеріне, егер Польша Уақытша Үкметін қайта құру тарапында уақыттың ішінде жүзеге асырылмаса немесе аяқталмаса, ол уақытта бүкіл Польша жерінде өкмет билігін жүргізіп отырған және поляк халқы қолдап отырған Варшавадағы Уақытша Үкметінің өкілде

рін Сан-Францискодағы Конференцияға шақыру керек екенін білдірді. Бұл мәлімдемесінде Совет Үкметі Сан-Францискодағы кең алқамы халықаралық конференцияға Польша өкілдерінің шақырылмауы Ұлы Британия мен Құрама Штаттар үкметтері және Польша Уақытша Үкметі арасында елшілік қатынастың болмауымен түсіндіру мүмкін емес екенін, өйткені Совет Үкметі мен Индия немесе Гайтти Либерия, Парагвай сияқты елдер арасында да елшілік қатынас жоқ екенін, бірі Совет Үкметі Ұлы Британия мен Құрама Штаттардың тікелей қабылдап, ол елдердің Сан-Францискодағы Конференцияға қатысуына ризалық бергенін көрсетті. Совет Үкметі бұл мәселені одақтас үкметтер арасында кеңеске салып, тиісті шаралар шығаруды ұсынды.

Қазіргі уақытта Совет Үкметі АҚШ Үкметіне Польшаны Сан-Францискодағы Конференцияға шақыру туралы өзінің ұсынысына тез арада жауап күтетінін білдірді. Совет Үкметі Ұлы Британия мен Құрама Штаттарының да Польшаның Уақытша Үкметінің мәлімдемесін өзінің толық қолдайтынын, Польшаның Сан-Францискодағы Конференцияға қатысуына мүмкіндік берілуіне сенетінін білдірді.

(ТАСС)

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 12 апрель. (ТАСС). Одақтас-тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованнесі штабының хабарында былай делінген: Одақтас-тардың Кохер деп (Бюртегембергтегі) өткел ауысындағы бекінісі ішке қарай 5 километрдей кеңейтілді. Одақтас-тар әскерлерінің Неккар өзені бойындағы өткел аумағында

Одақтас-тардың тапқа бөлімдері Зигбургтегі солтүстік жағында едәуір алға басты.

Ауыр бомбашылардың ірі құрамалары истребительдерді ертіп шығып, Регенсбургтегі мұнай қоймаларына, оқ-дәрі складтары мен аэродромға Ингольштадттағы аэродром мен темір жол депосына, Мюн

басшылары трактор өкінің мінсіз жұмыс істеуін қамтама етуге, трактор отрядтарын жанар імен тыңғылықты жабдықтауға, МТС дың орталығында тұрған отрядтардың даласына тез жөнелтілуін қамтама етуге міндетті.

Т. ЖЕТПІСПАЕВ.

спе шөп егу жоспарын орындады

Іамлот ауданының егін даласында темгі дала жұмыстары күп санап өріс да. Ауданның барлық колхоздары ек- шөп егу жоспарын орындады.

Қазір олар егіс алдында жерді өңдеу ысына кірісті. «12 лет Октября», оводный труд», Ульянов атындағы «Путь к социализму» колхоздары 40—50 гектарлап жер жыртылты.

М. ХОЛЧИН.

Астық совхоздары коллективінің міндеттері

Еміміз бен партиямыз. 1945 жылы үстік Қазақстанның астық совхозда алдына күрделі міндеттер қойды. Ол аттерді халық шаруашылығындық маңызы бар. Өйткені астық совхоз- і еліміз бен майдан үшін астық өнді- і ең күрделі шаруашылық болғандық егін өнімін үнемі арттырып, одан гатын түсімнің үнемі арта беруі, сөй- еліміз бен майданға ауыл шаруашы- өнімдерінің көптеп берілуі—бүгін ағы жауынгерлік міндеттердің бірі- саналады.

іміз бен майдан алдындағы осы мін- рін жете түсінген астық совхоздары- жұмысшылары, мамандары мен қыз- ерлері кировшілердің үндеуіне үн қо- Қазақстанның 25 жылдығы атында оциалистік жарысқа жанпай ұштас- Сөйтіп батыр Қызыл Армияға ауыл ашылық өнімдерін барған сайын мол- іе, мемлекетке астық тапсыру жө- гі жоспарды республиканың 25 жыл- на дейін толық орындап шығуға тгепді.

ұырда совхоздардың және астық- ы тресінің қызметкерлері астық сов- рының көктемгі егіске әзірлігін тек- . Бұл тексерісте астық совхоздары- басым көпшілігі социалистік жарыс- нан міндеттемелерін аброймен орын- сөз жатқандығы айқын болды.

ктемгі егіске әзірліктегі социалистік- ета Чистов астық совхозының кол-

өсіру мүмкін деген ұғымда болды. Соғыс Солтүстік Қазақстанның колхоздары мен совхоздарынан майданға астық пен еттен басқа темекі де беруді талап етті.

Скворцов жолдас темекі өсіру ісіне әлі де болса көп аудандардың басшылары нем- ұрқайды қарап келе жатқандығын айт- ты. Осының салдарынан 1944 жылы тем- кінің кеш егілуі, оның ұқыпты түрде бап- талмауы бірсыпыра темекі егісінің шықпай- қалуына, мемлекетке темекі тапсыру жө- ніндегі міндеттеменің орындалмауына әкеп- соқты. Скворцов жолдас облыстық темекі өсіру шаруашылығының басшыларын қатты сынға алды. Олар 1944 жылы тем- мекі дайындау ісін оддылыққа ұшырат- ты, темекі өсіретін колхоздарға қолма-қол басшылық етпеді.

—Қазір,—деді ол,—темекі егісіне әзір- тік ісін қыздыра түсу керек. Бйыыл үк- метіміз бен партиямыздың тапсырысы бойынша, облыс колхоздарында темекі

өсіретінсінді, темекі егісіннің агротех- никасы жөнінде ешкімнен кеңес алып көргеніміз жоқ. Бұл жөнінде мен осы мәслихатта ғана естіп отырмын. Бұған қарамастан, бйыыл темекіні көптеп егіп, одан неғұрлым мол өнім алуға уәде бере- мін.

Жарыс сөзге шығып сөйлеген Приенім ауданының Киров атындағы колхозында- ғы звено бастығы Верова, Октябрь ауд- нының Степан Разин атындағы колхозы- ның звено бастығы Атаманова жолдас- тар бйыыл темекіден мол өнім алуға мін- деттенетіндіктерін білдірді.

Мәслихатта облыстық партия комитеті- нің секретарі Конин, тағы басқа жолдас- тар сөз сөйледі.

Мәслихатқа қатысушылар темекі егісін егуді ойдағыдай өткізуге, оны тыңғы- лықты баптауға, темекіден мол өнім алу- ға, сөйтіп Қазақстанның 25 жылдығына лайықты тартулар өзірлеуге міндеттеніп, бір ауыздан қаулы қабылдады.

торшылар, комбайншылар және полевод- тар өзірлеу ісін ерте қолға алып, істің нәтижелі болуына зер салды. Сондықтан да Қызыл механизация мектебіне трак- торшылыққа 15 адам, комбайншылыққа 8 адам және полеводтыққа 2 адам жібе- рілді. Совхоз өз күшімен 20 тракторшы оқытып жатыр. Мұнымен қатар, өндіріс- теп қол үзбей 25 тракторшы және 15 комбайншы машинаны жете меңгеру үшін өзінің техникалық білімін арттыру да.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын осындай көрнекті ұйымдастырған астық совхоздары мен қатар жұмыста артта қалғандар да жоқ емес. Бұған Совет, (ди- ректоры Глухов, аға агрономы Широков жолдас-тар), Возвышен (директоры Титов, аға агрономы Коган жолдас-тар) совхозда- рын қосуға болар еді. Шынында бұл сов- хоздар көктемге әзірлікті ойсыраған ол- ғылыққа ұшыратты. Ал совхоз- дардың басшылары көктемгі егіске әзір- ліктегі кездескен қиыншылықтарды жою үшін ешбір шешуші шаралар қол- дапбай, өздерінің жай барақаттылығы мен жауапсыздықтарын бөгде себептермен тү- сіндіруге тырысады.

Мәселен, Возвышен совхозында күні осы уақытқа дейін егіс тұқымы треймен тазартылып болған жоқ. Көктемгі дала жұмыстарына керекті жанар майдың не бөрі 48 проценті ғана тасылып алынды. Осы сыяқты совхозда егіс тұқымын дө- рілейтін дәрілер де жеткіліксіз болып отыр. Совет совхозында тұқымды сорттау және айырбасқа жататын тұқымды айыр- бастау күні осы уақытқа дейін аяқтал- ған жоқ. Тракторшылар мен тіркеу сай-

мандары жөнделіп бітпеген. Жанар май- дың 60 проценті ғана қолда бар. Совхоз- дың комбайншымен және тракторшымен толық қамтамасыз етілмегеніне қарама- тан, механизация мектебіне бірде-бір оқу- шы жіберілмеді. Совхоз басшылары, оның директоры Глухов жолдас мектеп- ке жіберетін «адам жоқ» деген бөгде себепті бетке ұстады.

Е. ЗАХАРОВ.

МЕРЕКЕГЕ АЙЫН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАМАҚ

Петропавлдың «Қазақстанның 10 жыл- дығы» атындағы қолөнершілер артельнің коллективі Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа жанпай ұштасып, мереке күніне дейін жылдық жоспарды толық орындауға міндеттеме ал- ған болатын. Қазір артель жұмысшылары айған міндеттемелерін аброймен орыдан- жүр. Соның нәтижесінде артель апрель айының он күндік жұмыс жоспарын 106 процент орындап, еліміз бен майдан үшін көптеген бұйым өндірді.

Семенов жолдас басқарған тері илеу пе- хияның жұмысшылары апрель айының он күндік тапсырмасын артығымен орында- ды. Стахановшылар Момасева және Фро- лова жолдас-тар қажірлі жұмыс істеп жүр.

3. АЙСИНА.

мандары жөнделіп бітпеген. Жанар май- дың 60 проценті ғана қолда бар. Совхоз- дың комбайншымен және тракторшымен толық қамтамасыз етілмегеніне қарама- тан, механизация мектебіне бірде-бір оқу- шы жіберілмеді. Совхоз басшылары, оның директоры Глухов жолдас мектеп- ке жіберетін «адам жоқ» деген бөгде себепті бетке ұстады.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын бұл сыяқты олқылыққа ұшыратуға тезу- ге болмайды. Бұл егіс жұмыстары мерзімінің ұзаққа созылуына өкен соғуы былай тұрсын, мұнымен бірге пар жыр- ту, пішен шабу және егін жыйнау жұ- мыстарына да зор әсер етеді.

Қазір көктем туды. Совхоздар егіс алдындағы жерді өңдеу жұмысына кіріс- ті. Сондықтан егіске әзірлікте артта қал- ған совхоз басшыларының және маманда- рының міндеттері— талаудағы екі—үш күнде тракторларды, тіркеу саймандарын жөндеуді аяқтап тұқымды сортқа бөлу және айырбастау, керекті жанар майды толық тасуға барлық тракторлардың тәу- лік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету көктемгі дала жұмыстарына барлық жұ- мыс малдарының толық қатысуын қам- тамасыз ету болып саналады. Өрбір трак- тордың, бригаданың және бөлімшенің жұмысына қатаң бақылау жасау керек. Бұлардың күнделікті жұмыс тапсырма- сын сөзсіз орындауына жөгісу қажет. Егіс алдындағы жұмыстарда және егіс кезінде агротехникалық шаралардың мін- сіз жүзеге асырылуын, совхоздардың егін шаруашылығы мамандары тікелей өздері қалағалауға тиіс.

тур аяқасы ауданында одақтастардың жаяу әскер бөлімдері Эссенді дұшпанның тазартты, Гельзенхирхенді алып, Вохумға кірді. Мөшеденің батыс жағында (Вест- Фалияда) одақтастар әскерлері Фрейеноль- ді алды. Зигеннің солтүстік жағындағы ауданда шабуыл жасаушы одақтастардың жаяу әскер бөлімдері Аттендорфты алды.

Тынық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 12 апрель. (ТАСС). Рейтер агенттігі, Америка әскерлерінің Лусон аралының оңтүстік жақ бөлегін жапон- дықтардан тазарта отырып, жедел алға басып бара жатқандығы туралы одақтас- тардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлегіндегі әскерлерінің бірлескен коман- дованныесінің хабарын берді.

ВАШИНГТОН, 12 апрель. (ТАСС). Оки- нава аралының оңтүстік бөлегінде жапон- дықтардың қарсылық көрсетуде екендігін және майдан шебінің мүлде дерлік өзгер-

Бәктемгі егістің ойдағыдай аяқталуы тракторшылардың, бригадирлер мен тір- кеушілердің қажірлі еңбек істеуіне бай- ланысты. Олай болса, егін жұмыс ында- ғылардың тұрмыс қажеті бүгінгі таңның талабына сай өтелетін болсын. Совхоз директорлары агрономдары мен бөлімше меңгерушілері жұмысшылардың жатақ- үймен және азық-түлікпен жеткілікті мөлшерде жабдықталуып қадағалайтын болсын.

Көктемгі егісті үкмет пен партия бел- гілеген мерзімде жоғарғы агротехникалық дәрежеде өткізу дегеніміз, мол өнімнің негізін қалау, тракторларды пар және зябь жыртуға ерте босату деген сөз. Ал Солтүстік Қазақстанның астық совхоз- дарында бітік егін өсіріп, мемлекет ал- дындағы бірінші парызды Қазақстанның 25 жылдығына дейі толық өтеу респу- бликаның торқалы тойына лайықты тар- ту болып саналады. Астық совхоздары- ның коллективі бұл міндетті орындау үшін бүкіл жаз бойы совхоздардың егін даласында қажірлі қайратпен жұмыс іс-тейді. Тек олардың өндірістік өрлеуін бас- тай білу керек. Жұмысшылардың өнді- рістік өрлеуін бастап, оларды жұмысқа мыталаңдырып отыру совхоз директорла- рының, партия және комсомол ұйымда- рының, мұны мен қатар бөлімше бастық- тарының жауынгерлік міндеті.

Ф. САВИЦКИЙ,

Облыстық астық совхоздары тресінің директоры.

дарыша шабуыл жасады.

Орта дәрежелі бомбышылар мен жеңіл бомбышылардың ірі құрамалары Котен мен Цвикаудағы темір жол деполарына, Бам- бергтегі автомашина заводына шабуыл жасады.

Жеңіл бомбышылар 12 апрельге қара- ған түнде Берлинге шабуыл жасады.

мәгендігін АҚШтың Тынық мұхиттағы флотының штабы хабар етті.

ВАШИНГТОН, 12 апрель. (ТАСС). Бү- гін күндіз аса қуатты «Ушуны қамал- дардың» Токноғ шабуыл жасағандығын АҚШтың соғыс министрлігі хабар етті.

ТОКИО, 12 апрель. (ТАСС). Домей Цу- цин агенттігінің хабары бойынша, бүгін таңертең шамалан алғанда 150 шамалы «Е—29» ауыр бомбышылары Мариан арал- дарынан ұшын шығып, Токноның батыс аудандарына және Сиджуа ауданына ша- буыл жасаған. Шабуыл 2 сағатқа созыл- ған.

АҚШ Сенаты қарызға беру немесе уақытша пайдалануға алу туралы заңның күшінде болу мерзімін ұзарту жөніндегі заң жоба сын бекітті

ВАШИНГТОН, 10 апрель. (ТАСС). Аме- рика Сенаты қарызға беру немесе пайда- лануға алу туралы заңның күшінде болу мерзімін ашық дауыспен тағы да бір жыл- ға, яғни 1946 жылғы 30 июнге дейін ұзартты.

ШЕТ ЕЛ ХАБАРЫ

Даншштегі Борнхольм аралының үш- портында Германия төңізшілері көтеріліс- ке шықты. Көтеріліске Голландияға және Фриз аралдарына жіберлейін деп отырған үйрену флотиялары мен торпеданы қат- терлердің матростары қатысты.

Бөнегагенде Дания партизандары Да- нияға неміс босқындарын әкеле жатқан жаудың 16 кемесін талқандады және оң- түстіктегі неме тоқтайтын орындарда дұшпанның бір кемесін қоршауға алды.

Лахын арада София жұртшылығы фа- шизмге қарсы, көрнекті болгар жазушы- сы Демир Поляновтың туғанына 50 жыл толуын тойлады.

Немістер Бельгияда қасқақана Лувенскі университетінің атақты кітапханасын қыйратты.

Жауапты редактордың орынбасары **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**